

## АҚПАРАТТЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҚОЛДАНУ САЯСАТЫ

Ұшу қауіпсіздігі туралы деректер мен ақпаратты және олардың тиісті көздерін қорғау мақсаты ұшу қауіпсіздігінің деңгейін қолдау немесе арттыру мақсатында пайдалану үшін олардың тұрақты қолжетімділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ адамдар мен ұйымдарды ұшу қауіпсіздігі туралы деректер мен ақпарат беруге көтермелеу болып табылады.

1. Ұшу қауіпсіздігі жөніндегі Инспектор / ҰҚБЖ жөніндегі маман алынған деректерді өңдеу кезінде міндетті және/немесе ерікті хабарлама берген жеке тұлғаны құпия сақтау қажеттігіне ерекше назар аударуы тиіс.
2. Егер міндетті және/немесе ерікті түрде хабарлау арқылы үшінші тұлғалардан алынған ақпаратты пайдалану талап етілсе, тек иесіздендірілген деректерді пайдалану қажет.
3. Деректер базасындағы толық ақпаратқа (әкімші құқығына) ұшу қауіпсіздігі жөніндегі инспекцияның бастығы, сондай-ақ ҰҚБЖ жөніндегі маман ғана қол жеткізе алады.
4. Тергеп-тексеруді (ішкі/сыртқы) ұйымдастыру кезінде Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей көзделгеннен басқа жағдайларда, тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның қызметіне жеке және (немесе) заңды тұлғалар, басқа да мемлекеттік органдар тарапынан араласуға жол берілмейді.
5. Әуежай басшылығы авиациялық оқиғаны тексеру барысында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес зиян келтіру ниетімен немесе зиян келтірілуі мүмкін екенін түсінумен жасалған және абайсыз мінез-құлыққа, өрескел ұқыпсыздыққа немесе қасақана заңсыз мінез-құлыққа балама болып саналатын іс-әрекеттер орын алғаны анықталған жағдайларда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын ескере отырып, тәртіптік шараларды қолдана алады.

Ұшу қауіпсіздігі инспекциясының бастығы (инспектор) құқық қолдану саясатын қолдану үшін әуежай басшылығына ақпарат ұсынуға міндетті.

Президент

24.09.2021 ж.



Эрсей Альп Эр Тунга

Билалов У.К.